

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қарашадағы № 1942 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 4 қыркүйектегі № 894 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 1653 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.12.2012 № 1653 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Тауар биржалары саласындағы қызметті лицензиялау ережесін және тауар биржалары, биржалық брокерлер мен биржалық дилерлер қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қарашадағы № 1942 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 жыл , № 56, 181-құжат) қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Тауар биржалары саласындағы қызметті л и ц е н з и я л а у е р е ж е с і н д е :

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

«7-1. Лицензиар өтініш берушінің құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті. Құжаттардың толық еместігі фактісі белгіленген жағдайда лицензиар өтініш берушіге көрсетілген мерзімде одан әрі қараудан жазбаша, дәлелді түрде бас тартады. Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған кезде құжаттар осы Ереже талаптарына сәйкес қ а р а л а д ы . » ;

8-тармақтың 5) тармақшасындағы «бас тартылуы мүмкін» деген сөздер «бас тартылады» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Тауар биржалары, биржалық брокерлер және биржалық дилерлер қызметіне қойылатын біліктілік талаптарында:

1 - т а р м а қ т а :

4) т а р м а қ ш а д а :

үшінші және жетінші абзацтар алынып тасталсын;

төртінші абзац «қаржылық» деген сөздің алдынан «тауар биржалары саласында және/немесе» деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақша алынып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

1) т а р м а қ ш а д а :
бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«1) ұйымның бірінші басшысында:»;
үшінші, төртінші және жетінші абзацтар алынып тасталсын;
бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«ұйым қызметкерлерінде (биржалық саудамен айналысатын):»;
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов